

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 351 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 қантарда № 14687 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 36 бұйрығымен.

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 24.11.2021 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) және 8) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРДАМАНЫН:**

1. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6863 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және де орталық мемлекеттік органдарының, 2011 жылғы, № 9 (тираждың шыққан уақыты 2011 жылғы 23 қыркүйекте) және 2011 жылғы № 33 (тираждың шыққан уақыты 2011 жылғы 1 желтоқсанда) актілер жинағында жарияланған "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлеген ведомстволық статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 351 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

43) және 44) тармақшалар алып тасталсын;  
29, 30, 41 және 42-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің төрағасы

Д. Ақышев

2016 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының

2016 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 297 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі  
төрағасының міндетін

атқарушының  
2010 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 351 бұйрығына  
29-косымша



Мемлекеттік статистика органдары  
құпиялылығына кепілдік береді  
Конфиденциальность гарантируется  
органами  
государственной статистики  
Ведомстволық статистикалық байқаудың  
статистикалық нысаны  
Статистическая форма ведомственного  
статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкіне  
тапсырылады.

Представляется  
Национальному Банку  
Республики Казахстан.

Статистикалық нысанды  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz),  
[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

сайтынан алуға болады.

Статистическую форму  
можно получить на сайте  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz),  
[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және  
бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы"  
Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.  
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие  
органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями,  
предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях".

Статистикалық  
нысан коды

7391202 Резидент еместерге қойылатын қаржылық талаптардың және олардың алдындағы  
К о д міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп

статистической  
формы 7391202

9-ТБ Отчет о состоянии финансовых требований к нерезидентам и обязательств перед ними  
9-ПБ

Токсандық Есептік кезең  
Квартальная Отчетный период

токсан  
квартал

--	--	--	--

Екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы ұсынады.

Представляется банками второго уровня, акционерным обществом "Банк Развития Казахстана".

Тапсыру мерзімі: есепті кезенден кейін 20-нан кешіктірмей

Срок представления: не позднее 20 числа после отчетного периода

БСН коды  
Код БИН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Приложение 1 к приказу Председателя  
Комитета по статистике  
Министерства национальной экономики  
Республики Казахстан  
от 2 декабря №297

# 1-бөлім. Резидент еместерге қойылатын банктің талаптары

## раздел 1. Требования банка к нерезидентам

### 1-бөлік. Қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттар және депозиттер

#### Часть 1. Наличные деньги, корреспондентские счета и депозиты

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Көрсеткіштің коды Код показателя	Негізгі қаржы құралы Основной финансовый инструмент					
		Кезеңнің басына На начало периода	Операциялар нәтижесіндегі ұлғаю Увеличение в результате операций	Операциялар нәтижесіндегі азао Уменьшение в результате операций	Кайта бағалау Переоценка	Басқа да өзгерістер Прочие изменения	Кезеңнің сонына На конец периода
A	B	1	2	3	4	5	6
Қолма-қол шетел валютасы Наличная иностранный валюта	10						
Резидент еместер шығарған чектер және басқа да төлем құжаттары Чеки и другие платежные документы, выпущенные нерезидентами	20						
Резидент емес банктердегі корреспонденттік шоттар Корреспондентские счета в банках- нерезидентах	30						
Резидент емес банктерде орналастырылған қысқа мерзімді депозиттер (1 жыл және одан кем) Краткосрочные (1 год и менее) депозиты, размещенные в банках - нерезидентах	40						
Резидент емес банктердегі ұзак мерзімді депозиттер (1 жылдан асатын)	50						

Долгосрочные ( более 1 года) депозиты в банках-нерезидентах					
---	--	--	--	--	--

Алуға есептелген кірістер Доходы к получению					
Кезеңнің басына На начало периода	Есепті кезенде есептелгені Начислено в отчетном периоде	Есепті кезенде алынғаны, капиталдандырылғаны Получено, капитализировано в отчетном периоде	Қайта бағалау Переоценка	Басқа да өзгерістер Прочие изменения	Кезеңнің сонына На конец периода
7	8	9	10	11	12

2-бөлік. Сіздің Банкіңіздің шетелдік инвестициялау объектілеріне үлестік қатысуы

## Часть 2. Долевое участие Вашего банка в иностранных объектах инвестирования

Резидент емес инвестициялау объектісі туралы ақпарат Информация об объекте инвестирования-нерезиденте			Көрсеткіштің коды Код показателя
Инвестициялау объектісінің атауы Наименование объекта инвестирования	Инвестициялау объектісінің елі Страна объекта инвестирования	Банктің инвестициялау объектісіндегі үлесі (пайызben) Доля банка в объекте инвестирования (в процентах)	
A1	A2	A3	Б
			60
			61
			...

Негізгі қаржы құралы Основной финансовый инструмент						Алуға есептелген кірістер Доходы к получению
Кезеңнің басына банктің инвестициялау объектісіндегі үлесінің құны Стоимость доли участия банка в объекте	Операциялар нәтижесінде үлгаю Операциилар нәтижесінде азаю	Операциялар нәтижесінде азаю	Қайта бағалау Переоценка	Басқа да өзгерістер Прочие изменения	Кезеңнің сонына банктің инвестициялау объектісінің таза кірісі (шығыны) Чистая стоимость доли участия банка в объекте	Бағамдық өзгерістер есебінен пайда болған таза кірісті (шығынды) қоспағанда банктің қатысу үлесіне тиесілі есепті кезендегі инвестициялау объектісінің таза кірісі (шығыны) Чистая прибыль (убыток) объекта

инвестирования на начало периода	Увеличение в результате операций	Уменьшение в результате операций			инвестирования на конец периода	инвестирования в отчетном периоде, приходящаяся на долю участия банка, за исключением чистой прибыли (убытка) за счет курсовых изменений	периоде объектом инвестирована, приходящая на долю участия банк
1	2	3	4	5	6	8	9

### 3-бөлік. Резидент еместерге қойылатын басқа да талаптар

#### Часть 3. Прочие требования к нерезидентам

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Көрсеткіштің коды К о д показателя	Негізгі қаржы құралы Основной финансовый инструмент					
		Кезеңнің басына На начало периода	Операциялар нәтижесіндегі үлғаю Увеличение в результате операций	Операциялар нәтижесіндегі азаю Уменьшение в результате операций	Қайта бағалау Переоценка	Басқа да өзгерістер Прочие изменения	Кезеңнің соынына На конец периода
A	B	1	2	3	4	5	6
Резидент еместердің борыштық бағалы қағаздары	90						
Долговые ценные бумаги нерезидентов							
Туынды қаржы құралдары							
Производные финансовые инструменты	110						
оның ішінде:							
в том числе:							
опциондар опционы	111						
форвардтық типтегі келісімшарттар контракты форвардного типа	112						



Корреспондентские счета банков-нерезидентов					
Резидент еместердің ағымдағы шоттары	250				
Текущие счета нерезидентов					
оның ішінде:					
в том числе:					
занды тұлғалардың (банктерден, шетелдік мемлекеттердің елшіліктері мен халықаралық үйымдардың өкілдіктерінен басқа)	251				
юридических лиц (кроме банков, посольств иностранных государств и представительств международных организаций)					
қызметтін ҚР-да жүзеге асыратын занды тұлғалар филиалдарының және өкілдіктерінің (банктер, шетелдік елшіліктер мен халықаралық үйымдар өкілдіктерінен басқа) филиалов и представительств юридических лиц (кроме посольств иностранных государств и представительств международных организаций), осуществляющих деятельность в РК	253				
жеке тұлғалардың физических лиц	255				

шетелдік мемлекеттердің елшіліктері мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінің посольств иностраных государств и представительств международных организаций	257				
Қысқа мерзімді (1 жыл және одан кем ) депозиттер Краткосрочные (1 год и менее) депозиты	260				
оның ішінде: в том числе:					
резидент емес банктердің банков - нерезидентов	261				
занды тұлғалардың (банктерден басқа) юридических лиц (креме банков)	263				
қызметтін ҚР-да жүзеге асыратын занды тұлғалар филиалдарының және өкілдіктерінің филиалов и представительств юридических лиц, осуществляющих деятельность в РК	265				
жеке тұлғалардың физических лиц	267				
Ұзак мерзімді (1 жылдан асатын) депозиттер Долгосрочные (более 1 года) депозиты	270				
оның ішінде: в том числе:					
резидент емес банктердің	271				



Производные финансовые инструменты	350						
оның ішінде:							
в том числе:							
опциондар опционы	351						
форвардтық типтегі келісімшарттар контракты форвардного типа	352						
Резидент еместер алдындағы басқа да берешек Прочая задолженность перед нерезидентами	360						

#### Акы төлеуге жұмысалатын шығыстар

##### Расходы к оплате

Кезеңнің басына	Есепті кезеңде есептелгені	Есепті кезеңде алынғаны, капиталдандырылғаны	Қайта бағалау	Басқа да өзгерістер	Кезеңнің соына
На начало периода	Начислено в отчетном периоде	Получено, капитализировано в отчетном периоде	Переоценка	Прочие изменения	На конец периода
7	8	9	10	11	12

#### 3-бөлім. Резидент еместердің банк капиталына қатысуы

##### Раздел 3. Участие нерезидентов в капитале банка

Резидент емес инвестордың атауы/инвестордың елі/инвестордың банктегі үлесі (пайызben)	Наименование инвестора-нерезидента/страна инвестора/доля инвестора в банке (в процентах)	Көрсеткіштің коды	Негізгі қаржы құралы Основной финансовый инструмент				Кезеңнің соына инвестор банктегі қатысу үлесінің құны
			Кезеңнің басына инвестордың банктегі қатысу үлесінің құны	Операциялар нәтижесіндегі үлгаю	Операциялар нәтижесіндегі азаю	Қайта бағалау	
			Стоймость доли участия инвестора в банке на начало периода	Увеличение в результате операций	Уменьшение в результате операций	Переоценка	
A	B	1	2	3	4	5	6

## Ақы төлеуге жүмсалатын шығыстар

## Расходы к оплате

Кезеңнің басына инвестордың қатысу үлесіне тиесілі бөлінбекен кіріс (шығын), банктің резервтік капиталы Нераспределенный доход (убыток), резервный капитал банка, приходящиеся на долю участия инвестора на начало периода	Бағамдық өзгерістер есебінен пайда болған таза кірісті (шығынды) қоспағанда инвестордың қатысу үлесіне тиесілі есепті кезендегі банктің таза кірісі (шығыны) Чистая прибыль (убыток) банка в отчетном периоде, приходящийся на долю участия инвестора, за исключением чистой прибыли (убытка) за счет курсовых изменений	Есепті кезенде б а н к жариялаған инвестордың қатысу үлесіне тиесілі дивидендтер Дивиденды, объявленные банком в отчетном периоде, приходящиеся на долю участия инвестора	Қайта бағалау Переоценка	Басқа да өзгерістер Прочие изменения	Кезеңнің соына инвестордың қатысу үлесіне тиесілі бөлінбекен кіріс ( шығын), банктің резервтік капиталы Нераспределенный доход (убыток), резервный капитал банка, приходящиеся на долю участия инвестора на конец периода
7	8	9	10	11	12

## Қарапайым акциялар

## Простые акции

## Артықшылықты акциялар

## Привилегированные акции

	440		X	X		X	X	X
	441		X	X		X	X	X
	...		X	X		X	X	X

4-бөлім. Банктің резидент еместермен ағымдағы операциялары

#### Раздел 4. Текущие операции банка с нерезидентами

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	Есепті кезеңде жолдың алынған шифры көрсетілген) шифр Получено ( строки оказано) в отчетном периоде	( в том числе по странам	оның ішінде елдер бойынша
A	B	1	2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12
Резидент еместердің банкке көрсеткен қызметтері Услуги, полученные банком от нерезидентов	470		
оның ішінде: в том числе:			
компьютерлік қызметтер			

компьютерные услуги	471				
ақпараттық қызметтер	472				
информационные услуги					
зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу плата за использование интеллектуальной собственности	473				
заңгерлік қызметтер	474				
юридические услуги					
бухгалтерлік, аудиторлық қызметтер	475				
бухгалтерские, аудиторские услуги					
бизнес пен басқару консультациялары бойынша қызметтер	476				
услуги по консультации бизнеса и управления					
жарнама және нарық конъюнктурасын зерделеу салаларындағы қызметтер	477				
услуги в области рекламы и изучения конъюнктуры рынка					
персоналсыз жабдықтың операциялық лизингі (жалға алу)	478				
операционный лизинг (аренда) оборудования без персонала					
мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер және жеке адамдар үшін қызметтер	479				
услуги в сфере культуры и отдыха и услуги для частных лиц					
қаржылық қызметтер (бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша қызметтерге шығыстарды есептемегендегі комиссиялық шығыстар)	480				
финансовые услуги (комиссионные расходы за исключением расходов за услуги по купле-продаже ценных бумаг)					
Банктің резидент еместерге көрсеткен қаржылық қызметтері (бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша қызметтерге кірістерді есептемегендегі комиссиялық кірістер)	490				
Финансовые услуги, оказанные банком нерезидентам (комиссионные доходы за исключением доходов за услуги по купле-продаже ценных бумаг)					
Банктің резидент еместерге төлеген салықтары	495				
Налоги, оплаченные банком нерезидентам					

Атауы

Мекенжайы

Наименование \_\_\_\_\_

Адрес \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің)

Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Алғашқы деректерді жариялауга  
келісеміз\*

Согласны на опубликование первичных данных

Алғашқы деректерді жариялауга  
келіспейміз\*

Не согласны на опубликование первичных данных

Орындаушы

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

телефоны

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

Бас бухгалтер

Главный бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

подпись

Басшы

Руководитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)

қолы

фамилия, имя и отчество (при его наличии)

подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

Ескертпе:

Примечание:

\* Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес толтырылады

Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики  
Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі

Статистика комитеті

төрағасының

2016 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 297 бүйріғына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

төрағасының міндетін

атқарушының

2010 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 351 бүйріғына

30-қосымша

**"Резидент еместерге қойылатын қаржылық талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп" (коды 7391202, индексі 9-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес дайындалды және "Резидент еместерге қойылатын қаржылық талаптардың және олардың алдындағы міндеттемелердің жай-күйі туралы есеп" (коды 7391202, индексі 9-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтырудың тәртібін нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды резидент еместерге шетел валютасымен де, теңгемен де номинирленген, резидент еместерге қаржылық талаптары бар және олардың алдында міндеттемелері бар банктер жалпы банк жүйесі бойынша (бар болған кезде) тоқсан сайын толтырылады.

3. Есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып байланыс арналары арқылы немесе криптографиялық қорғау құралдарын пайдаланумен "Ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі" (АТҚАЖ) көліктік жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады. Басқа тәсілмен ұсынылған есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып байланыс арналары арқылы немесе берілетін деректердің құпиялылығы мен түпнұсқалық дәлме-дәлдігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілді жеткізуіндегі көліктік жүйесі арқылы электронды түрде кейінгі растауды талап етеді. Бір есепті әртүрлі тәсілдермен ұсынған жағдайда күндердің алғашқысы есепті ұсыну күні болып саналады.

4. Аталған статистикалық нысанды толтыру мақсатында "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар және келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) жеке тұлғалар – халық, занды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке еңбек қызметі нысандарын жүзеге асыратын өзге де жеке тұлғалар;

2) занды тұлғалар – мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар (пайда алу мақсатында тауарлар өндірумен және қаржылық емес қызмет көрсетумен айналысадын, мемлекеттік басқару органдары бақылайтын кәсіпорындар мен ұйымдар); мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар (пайда алу мақсатында тауарлар өндірумен және қаржылық емес қызмет көрсетумен айналысадын, мемлекеттік басқару органдары бақыламайтын кәсіпорындар мен ұйымдар); үй

шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (тауар өндірумен және қызмет көрсетумен айналысатын, пайда немесе өзге де қаржылық игілік әкелмейтін кәсіпорындар немесе әлеуметтік ұйымдар: қоғамдық бірлестіктер, партиялар, кәсіподак ұйымдары, қоғамдық қозғалыстар, діни бірлестіктер, қайырымдылық қорлары және басқа да қоғамдық ұйымдар);

3) компьютерлік қызметтер: тапсырыс берілген және тапсырыс берілмеген (жаппай шығарылған) бағдарламалық қамтамасыз етуді және осылармен байланысты лицензияларды сату (сатып алу); техникалық құралдарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату; компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы консалтинг; компьютерлер мен перифериялық құрылғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, деректерді өңдеу және оларды серверге орналастыру; жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің түпнұсқаларын және олардың меншіктік құқықтарын сатып алу және сатуды қамтиды. Компьютерлік қызмет көрсетуге нақты пайдаланушы үшін компьютерлік оқу курсы (жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер) әзірленбеген бағдарламалық қамтамасыз етуді (зияткерлік меншікті пайдалану) жасауға және (немесе) таратуға лицензиялар үшін ақы төлеу (жеке тұлғаларға басқа да қызмет көрсетулер) қосылмайды.

4) ақпараттық қызмет көрсетуге бұқаралық ақпарат құралдарына жаңалықтар, фотографиялар және мақалалар ұсыну; деректер базасын құру, сактау және тарату; поштамен және өзге де тәсілдермен жеткізе отырып мерзімдік басылымдарға тікелей жеке жазылу; кітапханалар мен мұрағаттар қызметі кіреді.

5) зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеуге меншік құқықтарын (патенттер, авторлық құқықтар, сауда белгілері, технологиялық ұдерістер, дизайн сияқты және т.б.) пайдаланғаны үшін ақы төлеу, сондай-ақ шығарылған түпнұсқаларды және прототиптерді (кітаптар және қолжазбалар, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етілімдер, кинематографиялық жұмыстар, дыбыстық жазбалар сияқты және т.б.) қалпына келтіруге және (немесе) таратуға арналған лицензиялар үшін ақы төлеу кіреді.

6) зангерлік қызметтерге зангерлік кеңестер мен консультациялар; зан, сот және заңнамалық ұдерістерде қызмет көрсету; фирмаларға жедел көмек көрсету; зан құжаттамасын дайындау; төрелік сот қызметі және тағы басқалар кіреді.

7) бухгалтерлік, аудиторлық қызметтер бухгалтерлік есеп, шот жүргізу, аudit және салық салу бойынша консультациялық қызметті, қаржылық есептілікті жасауды қамтиды;

8) бизнес және басқару консультациялары бойынша қызметтер жалпы басқару консультацияларын, қаржы менеджментін, кадр менеджментін, өндірістік менеджментті және басқа да басқару консультацияларын; саясат және стратегия бизнесі мәселелеріндегі консультацияларды, басқаруды және жедел

көмек көрсетуді; жұртшылықпен байланыс бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

9) жарнама және нарық конъюнктурасын зерделеу саласындағы қызметтерге жарнама агенттіктері арқылы жарнамаларды жобалау, жасау және маркетинг; жарнама уақытын сатып алу және сатуды қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамаларды орналастыру; көрмелер мен сауда жәрменекелерін еткізу; тауарларды шетелдерде жарнамалау; маркетингтік зерттеулер; әртүрлі мәселелер бойынша қоғамдық пікірге саулнамалар жүргізу кіреді.

10) персоналсыз жабдықтың операциялық лизингі (жалға алу) персоналсыз жабдықты жалға алушы, экипажсыз көлік құралдарын жалға алушы, жылжымайтын мүлікті жалға алушы қамтиды. Қаржы лизингі, телекоммуникациялық желілер немесе қуаттарды (телекоммуникациялық қызмет ) жалға алу, экипажы бар көлік құралдарын (жүк немесе жолаушы тасымалдаулар) жалға алу қосылмайды.

11) мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтерге банкке мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты (корпоративтік және банк қаржыландыратын) резидент еместер көрсеткен актерлердің, режиссерлердің және басқа тұлғалардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты қызметтер кіреді. Жеке адамдар үшін қызметтер - бұл резидент еместер көрсеткен және сырттай көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда жеке тұлғалардың (мысалы, банк қызметкерлерінің) оқуы мен емделуіне банк төлейтін қызметтер.

5. Статистикалық нысан "Резидент еместерге қойылатын банктің талаптары" 1-бөлімін, "Резидент еместер алдындағы банктің міндеттемелері" 2-бөлімін, "Резидент еместердің банк капиталына қатысуы" 3-бөлімін, "Резидент еместермен банктің ағымдағы операциялары" 4-бөлімін қамтиды.

6. Есеп мың АҚШ долларында толтырылады.

АҚШ долларында көрсетілмеген деректер АҚШ долларына операция жасалған күнге (1, 2, 3-бөлімдердің 2, 3, 8, 9, 11-бағандары, 4-бөлімнің 1-бағаны), есепті кезеңнің сонындағы (1, 2, 3-бөлімдердің 6,12-бағандары) бағам бойынша айырбасталады.

7. 1, 2, 3-бөлімдердің 1, 7-бағандарында есепті кезеңнің басына активтердің, міндеттемелердің, банк капиталының жай-күйі көрсетіледі. 1, 2, 3-бөлімдердің 6, 12-бағандарында есепті кезеңнің сонына активтердің, міндеттемелердің және банк капиталының жай-күйі көрсетіледі.

1, 2, 3-бөлімдердің 2, 3-бағандарында активтердің, міндеттемелердің, банк капиталының қаржы құралдарымен операциялары нәтижесіндегі өзгерістері көрсетіледі.

1, 2, 3-бөлімдердің 4, 10-бағандарында нарықтық бағалар деңгейінің ауытқуларынан, сондай-ақ АҚШ долларына қатысты валюта бағамдарының

ауытқуларынан туындаған активтер, міндеттемелер және капитал құнының өзгеруі көрсетіледі.

1, 2, 3-бөлімдердің 5, 11-бағандарында институционалдық бірліктер резиденттік тиесілігінің өзгеруінен туындаған активтердің экономикалық пайда болуы мен шығуы, жіктеуді (қаржы құралын, экономика секторын) қайта қарастыру, банктің бір жақты түрде берешекті "баланстан тыс" шығаруы, басқа баланстық шоттарға көшіруі, Қазақстан Республикасы резиденттері арасындағы талаптарды қайта табыстау (аудару) есебінен, Қазақстан Республикасы резидент еместерінің бір санаттан басқа санатқа көшуі (олардың жарғылық капиталдағы үлесінің ұлғаюы немесе азаюы салдарынан) есебінен, нақтылай отырып (резиденттік, экономика секторы, валюта бойынша) баланстық шоттарды қарап шығу және т.б. есебінен пайда болатын банк активтерінің, міндеттемелерінің, капиталының, кірістерінің және шығыстарының басқа да өзгерістері көрсетіледі.

1-бөлімнің 1, 3-бөліктеріндегі 8-баған мен 2-бөлімде есепті кезеңде банк есептеген кірістер көрсетіледі. 1-бөлімнің 2-бөлігіндегі 8-бағанда есепті кезеңде бағамдық өзгерістер есебінен пайда болған таза кірісті (шығынды) қоспағанда банктің қатысу үлесіне тиесілі есепті кезеңдегі инвестициялау объектісінің таза кірісі көрсетіледі. 3-бөлімнің 8-бағанында бағамдық өзгерістер есебінен пайда болған таза кірісті (шығынды) қоспағанда инвестордың қатысу үлесіне тиесілі есепті кезеңдегі банктің таза кірісі (шығыны) көрсетіледі.

1-бөлімнің 1, 3-бөліктеріндегі 9-бағанда банктің кірістер алуы, сыйақыны капиталдандыру көрсетіледі. 1-бөлімнің 2-бөлігіндегі 9-бағанда есепті кезеңде инвестициялау объектісі жариялаған банктің қатысу үлесіне тиесілі дивидендтер көрсетіледі. 2-бөлімнің 9-бағанында банктің кірістерді төлеуі, сыйақыны капиталдандыру көрсетіледі. 3-бөлімнің 9-бағанында есепті кезеңде банк жариялаған инвестордың қатысу үлесіне тиесілі дивидендтер көрсетіледі.

1-бөлімнің 2-бөлігіндегі 13-бағанда есепті кезеңде банктің инвестиациялау объектісінен алған дивидендтері көрсетіледі.

8. "Операциялар нәтижесіндегі ұлғаю" 2-бағаны бойынша активтер, міндеттемелер, капитал бойынша:

бағалы қағаздар, капиталға қатысу үлесі жағдайларында – бағалы қағаздарды бастапқы және қайталама нарықтарда сатып алу (сату), бағалы қағаздарды мұра, сыйлық ретінде алу (беру), басқа да қаржы құралын бағалы қағаздарға және (немесе) қатысу үлесіне айырбастау (бағалы қағаздарды және (немесе) қатысу үлесін басқа қаржы құралына айырбастау);

кредиттер жағдайында – кредит ұсыну, сыйақыны капиталдандыру (сыйақыны борыштың негізгі сомасына жатқызу), басқа қаржы құралын берешекке айырбастау;

туынды қаржы құралдары жағдайында – опциян бойынша сыйлықақыларды төлеу, форвардтық (фьючерстік) келісімшарттар бойынша алынған пайда көрсетіледі.

"Операциялар нәтижесіндегі азаю" 3-бағаны бойынша активтер, міндеттемелер, капитал бойынша:

бағалы қағаздар, капиталға қатысу үлесі жағдайларында – бағалы қағаздарды қайталама нарықта сатып алу (сату), эмитенттің өтеуі, бағалы қағаздарды мұра, сыйлық ретінде беру (алу), бағалы қағаздарды және (немесе) қатысу үлесін басқа қаржы құралына айырбастау (басқа қаржы құралын бағалы қағаздарға және (немесе) қатысу үлесіне айырбастау);

кредиттер жағдайында – борыштың негізгі сомасы бойынша төлемдер, берешекті басқа қаржы құралына айырбастау;

туынды қаржы құралдары жағдайында – опциондық және форвардтық (фьючерстік) келісімшарттардың шарттарын орындау (яғни базалық активтің орындау бағасы бойынша нақты жеткізілімі немесе қазіргі уақытта нарықтағы базалық активтің бағасы мен орындау бағасының айырмасы негізінде қолма-қол ақшалай есеп айырысу) көрсетіледі.

"Кезең соңына" 6-бағаны бойынша активтер, міндеттемелер, капитал бойынша:

бағалы қағаздар, капиталға қатысу үлесі жағдайларында – нарықтық құны; кредиттер жағдайында – номиналдық құны көрсетіледі.

9. Негізгі қаржы құралы (сыяқы) бойынша пайда болатын мерзімі өткен берешек негізгі қаржы құралымен (сыяқымен) бірге көрсетіледі.

10. 1-бөлімнің 2-бөлігі, 3-бөлім резидент емес инвестициялау объектісінің (1-бөлім) әрқайсысы бойынша, резидент емес инвестордың әрқайсысы бойынша (3-бөлім) резидент еместің елін және қатысу үлесін (%) көрсете отырып жеке толтырылады.

1-бөлімнің 2-бөлігінің 8-бағаны резидент емес инвестициялау объектісінің қаржы есептілігіне сәйкес (бар болған кезде) толтырылады.

Бұл ретте есепті кезенде жарияланған (9-баған) дивидендтер барлық резидент емес инвестициялау объектілері бойынша (1-бөлімнің 2-бөлігі), қатысу үлесіне қарамастан резидент емес инвесторлар бойынша (3-бөлім) толтырылады, ал алынатын кірістер бойынша басқа ақпарат (7, 8, 10-12-бағандар) қатысу үлесі 10% және одан астам болған кезде толтырылады.

3-бөлімдегі банктегі қатысу үлесі 10%-дан кем резидент емес инвесторлар бойынша ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды.

11. Туынды қаржы құралдарын (110, 350-жолдар) екі кең санатқа – опциондарға (варранттарды, басқаларды қосатын) және форвардтық типтегі келісімшарттарға (фьючерстерді, своптарды қосатын) бөлінеді.

12. 4-бөлімде резидент еместердің банктерге көрсеткен және банктің резидент еместерге көрсеткен қызметтері туралы ақпарат резидент еместердің елдері бойынша көрсетіледі.

Операциялар құны іс жүзіндегі төлем жасалған уақыт бойынша емес, олардың орындалған кезінде (операцияның нақты іске асырылған күнінде) көрсетіледі. Қызмет (жұмыс) көрсетудің нақты күні орындалған қызметті (жұмысты) қабылдау актісіне қол қойылған күн болып есептеледі. Егер шартта орындалған қызметті (жұмысты) қабылдау актісін жасауды көздемеген болса, шот-фактура ұсынылған күн (инвойс) қызмет көрсетудің күні болып есептеледі.

4-бөлімнің "Резидент еместерге төленген салықтар" бабын толтыру үшін (көрсеткіш коды 472) Қазақстан Республикасы банктерінің шетелдік мемлекеттің пайдасына резидент еместерден алған кірістерінен ұстап қалған салықтарын көрсету қажет.

Осындай салықтарға мыналар мысал бола алады:

резидент еместердің Қазақстан Республикасы банктерінде төлеген сыйақыларынан (депозиттер, кредиттер) резидент еместердің өз мемлекеті бюджетінің пайдасына ұстап қалған салықтары;

резидент еместердің Қазақстан Республикасы банктерінің пайдасына төлеген дивидендтерінен резидент еместердің ұстап қалған салықтары;

Қазақстан Республикасы банктерінің резидент еместерге көрсеткен қаржылық қызметтері үшін алған кірістерінен резидент еместердің ұстап қалған салықтары.

Осылайша, аталған бапта Қазақстан Республикасы банкінің кірісінен төлем көзінде резидент еместердің шетелдік мемлекет бюджетінің пайдасына ұстап қалған салықтары көрсетіледі.

13. 1, 2, 3-бөлімдердің 6, 12-бағандары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6772 болып тіркелген) "Екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 105 қаулысына сәйкес толтырылады.

1, 2-бөлімдердің 8-бағаны, 4-бөлім (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысының "Кірістер" төртінші класына және "Шығындар" бесінші класына сәйкес толтырылады.

14. 1, 2, 3, 6, 9, 13 бағандардағы сандар оң мәнге ие, 4, 5, 10, 11- бағандардағы сандар оң немесе теріс мәнді болады.

1-бөлімнің 1, 3-бөліктерінің, 2-бөлімнің 1, 2-бөліктерінің 7, 8, 12-бағандарындағы сандар оң мәнге ие, ал 1-бөлімнің 2-бөлігіндегі, 3-бөлімдегі сандар оң немесе теріс мәнді болады.

15. Есепке түзетулер есепті кезең аяқталғаннан кейінгі алты айдың ішінде енгізіледі.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1, 2, 3-бөлімдердің барлық жолдары бойынша:

1-баған = алдыңғы тоқсандағы есептің 6-бағаны;

7-баған = алдыңғы тоқсандағы есептің 12-бағаны;

6-баған = 1-баған + 2-баған – 3-баған + 4-баған + 5-баған;

12-баған = 7-баған + 8-баған – 9-баған + 10-баған + 11-баған.

2) 4-бөлімнің барлық жолдары бойынша:

1-баған = 2-баған + 3-баған + ... .

3) 1, 2, 3-бөлімдердің барлық бағандары бойынша:

110-жол = 111-жол + 112-жол;

250-жол = 251-жол + 253-жол + 255-жол + 257-жол;

260-жол = 261-жол + 263-жол + 265-жол + 267-жол;

270-жол = 271-жол + 272-жол + 273-жол + 274-жол;

350-жол = 351-жол + 352-жол.

4) 4-бөлімнің барлық бағандары бойынша:

470-жол = 471-жол + 472-жол + 473-жол + 474-жол + 475-жол + 476-жол + 477-жол + 478-жол + 479-жол + 480-жол.

Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі

Статистика комитеті

төрағасының

2016 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 297 бұйрығына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

төрағасының міндетін

атқарушының

2010 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 351 бұйрығына

41-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялышына  
кеңілдік береді  
Конфиденциальность гарантируется органами  
государственной статистики  
Ведомствомың статистикалық байқаудың  
статистикалық нысаны

Приложение 3 к приказу Председателя  
Комитета по статистике Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан  
от 2 декабря №297



Статистическая форма ведомственного  
статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкіне  
тапсырылады.

Представляется  
Национальному Банку  
Республики Казахстан.

Статистикалық нысанды  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz),  
[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

сайтынан алуға болады.

Статистическую форму  
можно получить на сайте  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz),  
[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бас деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Ко кезделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными в Республике Казахстан "Об административных правонарушениях".

Статистикалық

нысан коды

7591202

Резидент еместерге берілген кредиттер туралы есеп

Код

статистической

формы 7591202

17-ТБ

Отчет о кредитах, выданных нерезидентам

17-ПБ

Тоқсандық

Есептік кезең

--

тоқсан  
квартал

--	--	--	--

Квартальная

Отчетный период

Екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "БТА Банк" акционерлік қоғамы ұсын Представляется банками второго уровня, акционерным обществом "Банк Развития Казахстана", акционерным обще Тапсыру мерзімі: есепті кезеңнен кейін 25-нен кешіктірмей

Срок представления: не позднее 25 числа после отчетного периода

БСН коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Код БИН

Заем алушы туралы ақпарат Информация о заемщике			Заем шарты туралы ақпарат Информация о договоре займа					
№ З а е м алушының атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болжан жадайда)	БСН/ ЖСН ( б а р болған кезде)	Заем алушы елінің атауы Наименование	Шарттың нөмірі	Шарттың күні	Сыйақы мөлшерлемесі ( жылдық пайызбен)	З а е м валютасының атауы	Заемның сомасы (шарт валютасының м ы н бірлігімен)	Ко Пе За на



\* Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес толтырылады

Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі

Статистика комитеті

төрағасының

2016 жылғы 2 желтоқсандағы

№ 297 бүйрігінің

4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

төрағасының міндетін

атқарушының

2010 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 351 бүйрігінің

42-қосымша

**"Резидент еместерге берілген кредиттер туралы есеп" (коды 7591202, индексі 17-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Резидент еместерге берілген кредиттер туралы есеп" (коды 7591202, индексі 17-ТБ, кезеңділігі тоқсандық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру тәртібін нақтылады.

2. Осы статистикалық нысанды екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "БТА Банк" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктер) жалпы банк жүйесі бойынша (бар болған жағдайда) шетел валютасымен де, теңгемен де номинирленген резидент еместерге берілген кредиттер бойынша тоқсан сайын толтырады.

3. Есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып байланыс арналары арқылы немесе криптографиялық қорғау құралдарын пайдалана отырып "Ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі" (бұдан әрі – АТҚАЖ) көліктік жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады. Басқа тәсілмен ұсынылған есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдерін сақтай отырып байланыс арнасы арқылы немесе криптографиялық қорғау құралдарын пайдаланумен АТҚАЖ көліктік жүйесі

арқылы электрондық түрде кейінгі растауды талап етеді. Бір есепті әртүрлі тәсілдермен ұсынған жағдайда есепті ұсыну күні болып күндердің алғашқысы есептеледі.

4. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңында айқындалған мәндегі ұйымдар пайдаланылады.

5. Банктер статистикалық нысанда мерзімі өткен берешек шотына шығарылған кредиттерді қоса алғанда резидент емеске берген және есепті кезеңнің басына және (немесе) сонына өтелмеген әрбір кредит бойынша акпаратты көрсетеді.

А-Л бағандарында резидент емес заем алушы және оған кредит беру шарттары туралы ақпарат көрсетіледі. 1-15-бағандарда есепті кезеңдегі кредиттерді игеру, өтеу және қызмет ету туралы ақпарат көрсетіледі.

1-6, 8-13-бағандардағы барлық сомалар мың теңгемен, бүтін санмен көрсетіледі.

6. 1-бағанда есепті кезеңнің басына мерзімі өткен борышты қоса алғанда өтелмеген негізгі борыш көрсетіледі.

2-бағанда есепті кезеңдегі кредит беру сыйақыны капиталдандыру, борышты қайта ұйымдастыру есебінен негізгі борыштың ұлғаюы көрсетіледі.

3-бағанда есепті кезеңдегі негізгі борыштың, оның ішінде мерзімі өткен борыштың борышты өтеу және қайта ұйымдастыру есебінен азаюы көрсетіледі.

4-бағанда негізгі борыш құнының (көлемінің) валюталар бағамының өзгеруі нәтижесіндегі, 5-бағанда басқа да өзгерістер нәтижесіндегі өзгеруі көрсетіледі.

6-бағанда есепті кезеңнің сонына мерзімі өткен берешекті қоса алғанда өтелмеген негізгі борыш көрсетіледі.

8-бағанда есепті кезеңнің басына мерзімі өткен берешекті қоса алғанда сыйақы бойынша берешек көрсетіледі.

9-бағанда есепті кезеңдегі банктің сыйақыны есептеуі көрсетіледі.

10-бағанда сыйақы бойынша төленген төлемдер және капиталдандырылған сыйақылар көрсетіледі.

11-бағанда сыйақы құнының (көлемінің) валюталар бағамының өзгеруі нәтижесіндегі, 12-бағанда басқа да өзгерістер нәтижесіндегі өзгеруі көрсетіледі.

13-бағанда есепті кезеңнің сонына мерзімі өткен берешекті қоса алғанда сыйақы бойынша берешек көрсетіледі.

15-бағанда қайта ұйымдастырудың шарттары, сондай-ақ негізгі борыш, сыйақы құнының (көлемінің) басқа да өзгеруі туралы ақпарат анықталады.

7. 7, 14-бағандарда "Екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторының шолуын қалыптастыру

үшін мәліметтерді ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 105 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6772 болып тіркелген) сәйкес баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі.

9-баған "Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген) "Кірістер" төртінші класына сәйкес толтырылады.

8. Мерзімінен бұрын өтеу, кешіру, кредиттеудің негізгі шарттарының өзгеруі (оның ішінде валютаның, сыйақы мөлшерлемесінің), борышты капиталға (заем алушының және (немесе) үшінші тұлғалардың) қатысу құралдарына, жылжымайтын мүлік және заем алушының басқа активіне, заем алушының борыштық бағалы қағаздарына, тауар жеткізілімі және заем алушының басқа да борыштық міндеттемелеріне айырбастау, жаңа кредитор резидент емес (жаңа заем алушы резидент) болып табылатын жағдайларда талапты қайта табыстау (борышты аудару) қайта ұйымдастырудың негізгі түрлері болып табылады.

9. Негізгі борыш, сыйақы құнының (көлемінің) басқа өзгерістеріне заем алушының резиденттік тиесілігінің өзгеруі, банктің бір жақты түрде берешекті "баланстан тыс" шығаруы есебінен, банктің заем алушыға қойылған талабын Қазақстан Республикасының басқа резидентіне қайта табыстауы есебінен, заем алушының банк алдындағы борышын Қазақстан Республикасының басқа резидент емесіне аударуы есебінен, қайта табыстау (борышты аудару) шарттары бойынша міндеттемелердегі тұлғалардың өзгеруіне дейін есептелген сыйақыны қабылдау, нақтылай отырып (резиденттік, экономика секторы, валюта бойынша) баланстық шоттар бойынша шолу жасау және т.б. жатады.

10. А-Л бағандары банктің ақпараттық жүйесінде көзделген ақпаратқа сәйкес толтырылады.

15-бағандағы нақтылаушы ақпараттың жоқтығы бұзушылық болып табылмайды.

11. Есепке түзетулер есепті кезең аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде енгізіледі.

12. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1-баған = алдыңғы тоқсандарды есептің 6-бағаны;

6-баған = 1-баған + 2-баған – 3-баған + 4-баған + 5-баған;

8-баған = алдыңғы тоқсандарды есептің 13-бағаны;

13-баған = 8-баған + 9-баған – 10-баған + 11-баған + 12-баған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК